

**Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Таман ауылдық округі
Майбалық ауылында шектеу іс-шараларын енгізуге байланысты ветеринариялық
режимін белгілеу туралы**

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Таман ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 16 шілдедегі N 7 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 19 тамызда N 2911 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Таман ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 07 желтоқсандағы N 07 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Таман ауылдық округі әкімінің 07.12.2015 N 07 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабына сәйкес, "Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Таман ауылдық округі Майбалық ауылының аумағында жылқылардың ринопневмония ауруы бойынша шектеу іс-шараларының ветеринариялық режимін белгілеу туралы" "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Солтүстік Қазақстан облысының Мағжан Жұмабаев аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2014 жылғы 25 маусымдағы № 12-11/180 ұсынысы негізінде, Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Таман ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Таман ауылдық округі Майбалық ауылында жылқылардың ринопневмония ауруын айқындауына байланысты шектеу іс-шараларының ветеринариялық режимі белгіленсін.
2. Шектеу іс-шараларының ветеринариялық режимі ошақтарын жою жөніндегі ветеринарлық іс-шаралардың кешенін өткізу мерзіміне белгіленеді.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Таман ауылдық
округінің әкімі*

Г. Ветер

